

АҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТУ КОЛЛЕДЖІН ДАМУДЫҢ

2023-2028 ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАР



ЖОСПАР МАҚСАТЫ:

- Білім беру саласындағы озық әлемдік тәжірибеге сәйкес келетін, еңбек нарығының қажеттіліктеріне, елдің индустриалды-инновациялық дамуының міндеттеріне жауап беретін білім сапасының жоғары деңгейіне жету деп сипатталған

КОЛЛЕДЖ МИССИЯСЫН орындауға жағдайлар жасау;

- Еңбек нарығының және аймақтағы жұмыс берушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын жоғары білікті орта деңгейлі кадрларды даярлау.
- Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту процестері негізінде бәсекеге қабілетті және жоғары білікті кадрларды даярлауды жетілдіру, болашақ мамандарды даярлаудың дуальды жүйесін енгізу және дамыту.
- Қоғам мен мемлекет мүдделері үшін колледжді дамытудың экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық және ғылыми-әдістемелік механизмдерін құру;
- Техникалық және кәсіптік білім беру саласында жаңа реттеу механизмдерін құру арқылы еңбек нарығының қажеттіліктерін қамтитын сапалы білімге жағдайлар жасау;
- Әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесінің негізін және практикалық бағытын дамыту;
- Техникалық мамандар даярлауға арналған инновациялық типтегі оқу орнына айналу, техникалық және кәсіптік білімнің беделін арттыруға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруда көшбасшы болу үшін жағдайлар жасау.



ЖОСПАР МІНДЕТТЕРІ:

- білім беру процесінің барлық қатысушыларына ең тиімді білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жетімділікті қамтамасыз ету;
- қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету;
- білім беру үдерісіне WorldSkills стандарттарын енгізу;
- педагог оң имиджін қалыптастыруға жағдай жасау;
- әлеуметтік серіктестік спектрін кеңейту, қоғамдық ұйымдармен және қорлармен, жұмыс беруші кәсіпорындармен, білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық, оның ішінде халықаралық ынтымақтастықты қалыптастыру.
- жастар арасында белсенді азаматтық позицияны, әлеуметтік жауапкершілікті, патриоттық сезімді, жоғары адамгершілік және азаматтық қасиеттерді қалыптастыру;
- инженерлік-оқытушылар құрамы мен колледж студенттерінің ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметі үшін жағдайлар жасау;
- білім алушыларды WorldSkills қозғалысына кеңінен тартуды қамтамасыз ету;
- білім беру мекемесінің оқу, материалдық-техникалық базасын жаңарту, зертханаларды, оқу-өндірістік шеберханалар мен кабинеттерді қажетті жабдықтармен және техникалық оқу құралдарымен қамтамасыз ету, цифрлық инфрақұрылыммен жабдықтау;
- Білім алушылардың білім сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу;
- білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз ету, экономика қажеттіліктеріне және аймақтық ерекшеліктерге сәйкес кәсіптік даярлау;
- білім алушылардың интеллектуалды, рухани, адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету;
- оқыту мен тәрбиелеу сапасын жақсартуға деген ынтасын арттыру үшін педагогтардың еңбек жағдайларын жақсарту;
- колледждің инженерлік-оқытушылық құрамы үшін материалдық және материалдық емес ынталандыру шаралар кешенін жүзеге асыру;
- Құзыреттілік орталығы негізінде инновациялық жобаларды қолдау үшін стартап-платформаны құру.

Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту
Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

1. «Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру»:

Міндет 1: Оқу орнының материалды-техникалық базасын күшейту.

Міндет 2: Студенттерге арналған жатақхана салуға инвесторларды тарту.

Міндет 3: Колледждің кең жерін ескере отырып, инвесторларды тартып, шеберханалар салу, жабдықтау

2. «Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту»:

Міндет 1: Менеджерлер мен инженерлі-педагогикалық құрамның біліктілігін көтеру;

Міндет 2: Инженерлік-педагогикалық құрамды ынталандырудың жаңа нысандарын енгізу.

3. Өзін-өзі қаржыландыру жұмысын жандандыру

Міндет 1: «Жас маман» жобасымен жабдықталған заманауи шеберханаларының жұмысын жандандыру

Міндет 2: Өнім шығаруды ұйымдастыруды

Міндет 3: Кәсіпорындарға, ұйымдарға және халыққа ақылы қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету

Міндет 4: Мобильді оқу орталығының жұмысын жандандыру, оқу орталықты реестрге тіркеу, ақылы кәсіби дайындау, қайта даярлау курстарын жандандыру

4. «Оқытудың озық технологияларын енгізу»:

Міндет 1: Дуалды оқыту жүйесін барлық мамандықтар бойынша енгізу және дамыту;

Міндет 2: КЕАҚ «Талар» пен бірлесіп шет елдердің тәжірибесіне негізделген жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу.

Міндет 3: Оқу процесіне WorldSkills бағалау жүйесін енгізу.

Міндет 4: WorldSkills талаптарын ескере отырып, демонстрациялық емтиханды енгізу



5. «Әлеуметтік серіктестермен белсенді өзара қарым-қатынасы»:

Міндет 1: Оқу орнының білім беру үрдісіне әлеуметтік серіктестердің қызығушылығын арттыру;

Міндет 2: Әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимылды орнату.

Міндет 3: Мақсатты тапсырыс бойынша кадрларды дайындау, кәсіпорындармен тығыз байланыс орнату

6. «Колледждің каладағы жоғары мәртебесі»:

Міндет 1: Колледждің каладағы мәртебесін арттыру;

Міндет 2: Оқу орнын халықаралық аккредиттеу;

Міндет 3: WorldSkills Kazakhstan ұлттық чемпионатына құзыреттіліктер мен қатысушыларды арттыру.

7. «Жастар арасында бұқаралық дене шынықтыру, спорт және салауатты өмір салтын арттыру»:

Міндет 1: Қоғамдық пайдалы еңбекке дағдыландыру, құқықтық және азаматтық-патриоттық белсенділікке тәрбиелеу;

Міндет 2: Жастардың бұқаралық дене шынықтыру, спорт және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту.



Колледж миссиясы: Еңбек нарығында технология және қызмет ету саласына біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті орта буын және жұмысшы мамандарын дайындау жүйесін арттыру, үздіксіз кәсіби өсуіне дайындау, кәсіби жоғары және әлеуметтік табысты тұлға қалыптастыру

Колледж миссиясын талдаудағы маңызды бағыттары:

1. Қызмет саласы: «Жұмысшы, орта буын мамандар даярлау»; «Үздіксіз білім беру: Мобильді оқу орталығында және Құзыреттілік оқу орталығында кәсіптік даярлау, қайта даярлау курстарын жүргізу»
2. Өзін-өзі қаржыландыру жұмысын жандандыру «Жас маман» жобасының заманауи шеберханаларының жұмысын жандандыру, өнім шығаруды ұйымдастыруды, ақылы қызмет көрсету (ақылы кәсіби дайындау, қайта даярлау курстарын жандандыру), табыс табу
3. «Оқытудың озық технологияларын енгізу» (оқу процесіне WorldSkills бағалау жүйесін енгізу,
4. Стратегиялық бағыты қоғамдық тамақтандыру, қызмет көрсету, тігін, ақпараттық технологиялар, байланыс және телекоммуникация салаларына мамандарды дайындау, жұмыс берушілермен жан-жақты серіктестік байланысты орнату.
5. Мақсатты тапсырыс бойынша кадрларды дайындау, кәсіпорындармен тығыз байланыс орнату
6. Мектеп оқушыларына қосымша кәсіптік білім беру, бір кәсіпті игерту

Негізгі мәселелерді талдау: SWOT талдау

Мықты жақтары	Осал жақтары:
<p>1) педагог қызметкерлердің үзіліссіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету;</p> <p>2) білім беру мазмұнын жаңарту;</p> <p>3) WorldSkills халықаралық талаптарын ескеретін модульдік құзыреттілік тәсілге негізделген бағдарламаларды енгізу;</p> <p>4) «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын іске асыру;</p> <p>5) жұмыста инновациялық технологияларды қолданатын мықты педагогикалық құрам;</p> <p>6) әлеуметтік әріптестікті кеңейту, тұрақты өзара байланыстарды қалыптастыру бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ықпал етеді және мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету жүйесінің айқындаушы бөлігі болып табылады;</p> <p>7) жұмыс берушілер студенттердің дайындық сапасына қанағаттанады.</p>	<p>1) оқытушылар құрамының ағылшын тілін меңгеруінің әлсіз деңгейі;</p> <p>2) жеке жатақхананың болмауы; 3) оқытушылардың баспа-полиграфиялық қызметінің төмендігі.</p> <p>4) академиялық дәрежесі бар арнайы пәндер оқытушыларының үлесі төмен.</p> <p>5) Білім алушылардың WorldSkills халықаралық конкурсына мүлдем болмауы</p> <p>6) халықаралық серіктестік байланыс жоқ</p>

Негізгі мәселелерді талдау: SWOT талдау

Мүмкіндіктер:	Қауіптер:
<ol style="list-style-type: none">1) мемлекеттің білім беру жүйесіне назары;2) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті (бұдан әрі - МЖК) дамыту;3) халықаралық ұйымдар мен жұмыс берушілер тарапынан техникалық және кәсіптік білім беруді инвестициялық қолдау;4) жаңа білім беру бағдарламаларын және дуальды оқытуды енгізу арқылы білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту;5) білім берудің алуан түрлері мен нысандарын дамыту (edus, қашықтықтан оқыту, дуальді оқыту);6) оқытудың барлық деңгейлерінде инновациялық технологияларды тарату арқылы білім беру қызметтерінің сапасын арттыру7) «Талап» КЕАҚ рейтингіне және халықаралық рейтинг агенттіктеріне кіру;8) халықаралық үлгідегі сертификат алу үшін «Тігін өндірісі» және «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығы пәндерінің білім беру бағдарламаларының салалық аккредиттеу рәсімінен (халықаралық талаптарға сәйкестігін бағалау рәсімінен) өтуі;9) Байланыс және телекоммуникация, тігін саласына мамандарды даярлауда халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;10) білім беру бағдарламаларын дамыту шеңберінде пәнаралық, колледжаралық және халықаралық байланыстарды дамыту	<ol style="list-style-type: none">1) таланттардың тұрақтамауы;2) білім берудің жаһандануы салдарынан бәсекелестіктің өсуі;3) ІТ дамуына байланысты күндізгі оқу қажеттілігінің төмендеуі;4) Қоғамдық тетіктер мен азаматтық қоғам институттарының қалыптаспауы;5) кадрлардың басқа салаларға кетуі;6) кәсіби қоғамдастықтың білім беру процесіне қатысуға және мамандарды сертификаттауға дайын болмауы;7) колледж қуатының мүмкіндігі мен қажеттілігі арасында сәйкессіздіктер мен теңгерімсіздіктердің болуы (жер көлемі жеткілікті, қосымша жаңа оқу ғимаратының болмауы);8) талапкерлердің базалық деңгейінің төмендігі;



КОЛЛЕДЖДІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫН ІС-ЖҮЗІНЕ АСЫРУДЫҢ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ



№ п/п	Іс-шара атауы (ауданы)	Жету индикаторлары	2023 (%/ саны)	2024 (%/сан ы)	2025 (%/ саны)	2026 (%/ саны)	2027 (%/ саны)
4. «Әлеуметтік серіктестермен белсенді өзара қарым-қатынасы»							
Міндет 1: Оқу орнының білім беру үдерісіне басым әлеуметтік серіктестедің қызығушылығын арттыру							
4.1	Колледждің әлеуметтік серіктестерінің қатысуымен іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу.	Әлеуметтік серіктестердің қатысуымен өтетін іс-шаралар санының артуы.	10%	20%	30%	40%	50%
Міндет 2: Басымды әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимылды орнату							
4.2	Маңғыстау облысының кәсіпкерлер палатасын тарта отырып, әлеуметтік серіктестермен келісімшарттарды түзу	Дуальды оқыту бойынша келісімшарттар санының көбеюі	10%	20%	30%	40%	50%
4.2.1	Әлеуметтік серіктестермен бірлесіп шеберханадағы лабораторияларды, оқу кабинеттерді жабдықтау бойынша жоспар жасау	Мамандарды даярлауға қойылатын талаптарға сай келетін шеберханаларға арналған жабдықтар сатып алу (алдыңғы жылға карағанда жылдық өсім)	10%	20%	30%	40%	50%
4.2.2	Әлеуметтік серіктестер базалары негізінде арнайы пән оқытушыларының тағылымдамаларын өтуін ұйымдастыру	Кәсіпорындарда тағылымдамаларынан өткен оқытушылар үлесінің артуы	10%	10%	15%	20%	20%
4.2.3	Мекемелердің базасында оқитын студенттердің кәсіптік тәжірибені өтуін ұйымдастыру	Мекеме базаларында өндірістік тәжірибеден өткен білім алушыларының саны артуы	100%	100%	100%	100%	100%
4.2.4	Түлектерді әлеуметтік серіктестік ұйымдарға жұмысқа орналастыру	Бос жұмыс орындары болған кезде жұмыспен қамтылған түлектер санының өсуі (алдыңғы жылға карағанда жылдық өсім)	10%	10%	10%	10%	10%



КОЛЛЕДЖДІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫН ІС-ЖҮЗІНЕ АСЫРУДЫҢ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ



5. «Колледждің қаладағы жоғары мәртебесі»

Міндет 1: Колледждің қаладағы мәртебесін арттыру

5.1	Талапкерлерге колледжде оқытылатын барлық мамандықтар туралы ақпарат беру	Кездесуде таныстыру, үгіт-нәсихат деректерін тарқату	Ақтау қаласы, Маңғыстау облысының аймағын қамту				
5.1.1	Колледж студенттерінің қатысуымен өткізілген барлық маңызды іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялау	Колледждің беделін арттыру	100%	100%	100%	100%	100%

Міндет 2: Оқу орнын халықаралық аккредиттеу

5.2	«Жас маман» жобасы бойынша халықаралық аккредиттеуден өту	Колледж беделін халықаралық деңгейінде арттыру.	20%	20%	20%	20%	20%
-----	---	---	-----	-----	-----	-----	-----

Міндет 3: WorldSkills Kazakhstan ұлттық чемпионатына қузыреттіліктер мен қатысушыларды арттыру

5.3	WorldSkills Kazakhstan кәсіби қузыреттіліктер ұлттық чемпионатына қатысуы	Жұмысшы мамандықтарын танымал ету Бәсекелестердің дайындық деңгейін анықтау. Тәжірибе алмасу (алдыңғы жылға қарағанда жылдық өсім).	10%	10%	10%	10%	10%
-----	---	---	-----	-----	-----	-----	-----



КОЛЛЕДЖДІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫН ІС-ЖҮЗІНЕ АСЫРУДЫҢ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ



6.«Жастар арасында бұқаралық дене шынықтыру, спорт және салауатты өмір салтын арттыру»

Міндет 1: Қоғамдық пайдалы еңбекке дағдыландыру, құқықтық және азаматтық-патриоттық белсенділікке тәрбиелеу

6.1	Білім алушыларды қоғамдық пайдалы қызметке тарту (Жастар ісі бойынша Комитет ісіне қатысуы, білім алушылардың кәсіподақ комитеті, волонтерлік)	Білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық жұмыстарға тартылған білім алушылардың пайызы	70%	80%	85%	90%	100%
6.1.1	ҚР атаулы мерекелеріне арналған іс-шараларды өткізу. Барлық оқу топтарында жыл сайынғы жолдаулар мен бағдарламалық құжаттарды зерттеу және талқылау	Жалпы білім алушылар санынан қоғамдық жұмыстарға тартылған білім алушылардың пайызы	100%	100%	100%	100%	100%
6.1.2	Құқықбұзушылықтардың алдын-алу, қауіпсіз және жауапты тәртіпті қалыптастыру	Жалпы білім алушылар санынан Тәртіптік комиссиясы, Құқықбұзушылықтардың алдын-алу комиссиясынан, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясынан өткен білім алушылар санын азайту	10%	5%	5%	4%	2%
6.1.3	Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу	Жалпы білім алушылар санынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясынан өткен білім алушылар санын азайту	5%	5%	5%	4%	2%



КОЛЛЕДЖДІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫН ІС-ЖҮЗІНЕ АСЫРУДЫҢ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ



Міндет 2: Жастардың бұқаралық дене шынықтыру, спорт және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту

6.2	Білім алушылар спартакиадаларға, колледжішілік, қалалық, республикалық жарыстарға қатысуға тарту	Жалпы білім алушылар санынан спорттық секцияларда қамтылған білім алушылардың үлесі	50%	75%	80%	85%	90%
6.2.1	Салауатты өмір салтын насихаттау	Жалпы білім алушылар санынан денсаулықтары, алғашқы медициналық көмек, салауатты өмір салтын насихаттауға студенттердің үлесі	100%	100%	100%	100%	100%
6.2.2	Оқу-тәрбие үрдісін психологиялық-педагогикалық қамту	Жалпы білім алушылар санынан психолог-педагогикалық тренингтер, анкеталау, жеке түзеу-дамыту жұмыспен қамтылған білім алушылар үлесі	Қажет болғанда	Қажет болғанда	Қажет болғанда	Қажет болғанда	Қажет болғанда

Қорытынды және күтілетін нәтижелер:

- Колледж стратегиясын жүзеге асыру жоспарланған мақсатқа жеткізуді және еңбек нарығында сұранысқа ие, сапалы мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді.
- Стратегиялық менеджмент жүйесін сапалы біліммен дамыта отырып, қызмет көрсету саласын дамытуды колледж белгілейді.
- Қазақстан Республикасының қызмет көрсету салалары үшін білікті мамандар даярлауда танымал болу;
- «Сервис саласы» мамандарды даярлау және қайта даярлау бойынша базалық «Құзыретті орталық» болу;
- колледждің білім беру, мәдени және әлеуметтік қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін инфрақұрылымын және материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- Аймақтың және республиканың еңбек нарығы сұранысын мейілінше толық қанағаттандыру мақсатында колледж түлектерінде кәсіптік білім деңгейі мен кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру;
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы және салауатты өмір салты мәдениетінің рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтуға жәрдемдесу;
- Ақтау қаласы мектептерінде бейінді сыныптарды кеңейту;
- Колледждің инженер-педагог қызметкерлерін кәсіби жетілдіруге және өзін-өзі танытуға, білім деңгейін арттыруға, шығармашылығын дамытуға оңтайлы жағдай жасалуын қамтамасыз ету.
- Жаңа мамандықтарды ашу, оқу-материалдық базаны нығайту білім алушылар контингентін арттыруға жағдай жасайды және колледждің аймақтық ТЖКБ жүйесінде беделді орын алуына мүмкіндік жасау.
- Қаржылық қатерлер және оның механизмінің алдын алу талдауы негізінде колледждің дамуының альтернативтік сценарийі жасақталады.